**2022 жылға «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі туралы №2 сараптамалық анықтама**

Алматы қ. «27» маусым 2023 ж.

## КІРІСПЕ

2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі – Қордың Басқарма Төрағасының 2023 жылғы 15 ақпандағы №168 бұйрық (бұдан әрі – №168 бұйрық).

№168 бұйрықтың қосымшасы Қордың орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және филиалдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес 2023 жылғы 1-тоқсанда талдау 2022 жылғы Қордың мынадай бөлімшелерінің (бұдан әрі – Бөлімшелер) қызметін қамтыды:

1. Қауіпсіздік департаменті (ҚД);
2. Ақпараттық технологиялар департаменті (АТД);
3. Қызметті қамтамасыз ету департаменті (ҚҚД);
4. Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті (ТҰХД);
5. Жұртшылықпен байланыс департаменті (ЖБД);
6. «БЖЗҚ» АҚ Атырау облыстық филиалы;
7. «БЖЗҚ» АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалы;
8. «БЖЗҚ» АҚ Жамбыл облыстық филиалы;
9. «БЖЗҚ» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасы (бұдан әрі – СКБ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі) төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) сәйкес жүргізді.

## ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

Қордың жоғарыда көрсетілген бөлімшелерінің қызметіне қатысты ішкі құжаттарды (бұдан әрі – ІНҚ) талдау нәтижесі бойынша мынадай ІНҚ-дағы нормативтік тәуекелдер анықталды:

1) Басқарманың 226.06.2017 жылғы № 28 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметін автоматтандыру қағидасы;

2) Басқарманың 16.02.2022 жылғы №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да АТ қызметтерін басқару жүйесіне ішкі аудит жүргізу қағидасы;

3) Басқарманың 18.01.2018 жылғы №4 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Техникалық кеңесі туралы ереже;

4) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да мобильді құрылғылар мен ақпаратты тасымалдағыштарды пайдалану қағидасы;

5) Басқарманың 20.07.2020 жылғы № 55 хаттамамен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да желілік инфрақұрылымды басқару бойынша қағида;

6) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттарын өңдеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша қағида;

7) Басқарманың 23.05.2022 жылғы № 34 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-ға меншік құқығымен тиесілі жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі нұсқаулық;

8) Басқарманың 09.04.2014 жылғы №23 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ мүлікті сату кезінде аукциондарды ұйымдастыру және өткізу қағидасы.

ІНҚ-дағы тәуекелдер (тәуекел атауы, тәуекел сипаты, оны жою бойынша ұсынымдар):

1. Жоғарыдағы көзделген ІНҚ-да қызмет барысында тиісті басшылардың өкілеттіктерін екіұшты түсінуге апарып соқтыруы мүмкін дискрециялық нормалар бар. ІНҚ пысықтау бойынша **егжей-тегжейлі ұсынымдарды** СКБ әрбір ІНҚ мәтіні бойынша ескертпелерде беріп, оларды өзектендіруге жауапты бөлімшелермен келісті.

2. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ нормалары ескеріле отырып, СД, Цифрландыру департаменті (ЦД) және Инфрақұрылымды дамыту және қолдау департаменті (ИДҚД) (АТД қайта құрылымдау нәтижесінде 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап құрылған), ҚҚД, ТҰХД, ЖБД туралы ережелерде, аталған бөлімшелердің қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында мынадай нормаларды көздеу **ұсынылады**:

1) қызметкерлердің функцияларында – Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарын сақтау;

2) қызметкер білуі тиіс тармақта – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы, Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

3) жауапершілік:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарды бұзғаны үшін;

- Қордың конфиденциалды ақпаратын немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, оған сеніп тапсырылған немесе жұмысы бойынша белгілі болған мәліметтерді жеке мақсаттарда заңсыз пайдаланғаны үшін;

4) бөлімше басшыларының өкілеттіктерінде – сеніп тапсырылған бөлімше қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру.

Талданған ІНҚ тізбесі осы талдауға 1-қосымшада көрсетілді.

## ҚОР БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

1. **Қызметкерлерді басқару:**

Қордың штат саны бойынша, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау фактілерінің, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтамаларды ұсынбау жағдайларының болмауы туралы деректер 31.03.2023 жылғы 2022 жылға «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелері қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесі туралы №1 сараптамалық анықтамада (бұдан әрі - № 1 сараптамалық анықтама) баяндалған.

Тексерілетін бөлімшелердің қызметкерлеріне қолданылған тәртіптік жаза шаралары-11; мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жаза шараларының саны - **жоқ**;

Қазақстан Республикасының заңнамасын, СКБ-ға ұсынылған бөлімшелердің қызметкерлеріне тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау фактілерінің материалдарын талдау барысында ішкі нормативтік құжаттарды бұзған немесе оған жол берген, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі нормативтік құжаттарды бұзған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау туралы ақпарат анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі № 1 сараптамалық анықтамада көзделген.

**2. Мүдделер дауын реттеу:**

Қордың қолданыстағы және/немесе әлеуетті мүдделер дауын анықтау, айқындау және басқару Қорда «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 28.04.2017 жылғы №3 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және әлеуетті мүдделер дауын басқару саясатымен көзделген, оған сәйкес қолданыстағы мүдделер дауын есепке алуды, мүдделер дауына мониторинг жүргізуді Қызметкерлерді басқару департаменті жүзеге асырады.

2022 жылы Бөлімшелерде мүдделер дауы деректері **жоқ**.

**3. Мемлекеттік қызметтер көрсету:**

Қордың мемлекеттік қызметтерді көрсетуі туралы ақпарат №1 сараптамалық анықтамада көзделген.

Қордың 2022 жылы мемлекеттік қызметтер көрсетуі кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **жоқ**.

**4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру:**

Қор рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

5. **Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру:**

Қор бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

**6. Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу:** Қордың қаржы құралдарын игеруі мен бөлу тәртібі туралы ақпарат № 1 сараптамалық анықтамада көзделген.

Қосымша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үдерісі бойынша келесілер анықталды.

«Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу» бағыты бойынша Әдістемелік ұсынымдардың 24-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары, атап айтқанда, сатып алуды бәсекелес өнім берушіге жатқызатын техникалық ерекшеліктерде «қайрау» деп аталатын сипаттамалардың болуы болып табылады.

СКБ Қор жүзеге асыратын сатып алуларға камералдық бақылауды (мониторингті) жүзеге асыру барысында Қордың орталық аппараты мен Қор филиалдарының тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің *(ауыз су, автожуу қызметтері, автотұрақты жалға алу, техникалық байқау қызметтері, перифериялық және компьютерлік техниканы жөндеу/ техникалық қызмет көрсету қызметтері және сипаттамаларға қарай басқалары),* бірдей топтары сатып алынатыны анықталды, олардың техникалық ерекшеліктері айтарлықтай ерекшеленеді, сондай-ақ кейбір жағдайларда екі жақты түсіндіріледі, бұл сатып алуды Тапсырыс беруші үшін балама шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Аталған салада сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында **ИДКД және ҚКД-ға жоғарыда көрсетілген сатып алулар бойынша техникалық ерекшеліктерді толтыру бойынша Қор филиалдарына ұсынымдар беру ұсынылады**.

**7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау:**

Шарттарды жасау және Қордың контрагенттермен немесе үшінші тұлғалармен жасаған шарттары (келісім шарт, келісімдер) бойынша туындайтын немесе зиян келтіру салдарынан туындайтын дауларды сотқа дейін және сот арқылы шешу тәртібінде шағым-талап қою жұмыстарын жүзеге асыру тәртібі туралы ақпарат № 1 сараптамалық анықтамада көзделген.

Бұл бағыт бойынша Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

**8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:**

Бұл бағыт бойынша Бөлімшелер қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

9. **Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және Қордағы қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету туралы ақпарат №1 сараптамалық анықтамада көзделген.

Бөлімше қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері **жоқ**.

Осы бағыт бойынша тексерілетін бөлімшелердің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері **анықталған жоқ**.

Қосымша:

1) Талданған ішкі құжаттар тізбесі;

2) 2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нәтижесі бойынша тәуекелдер картасы.

**Басқарма Төрағасы** **Ж. Курманов**

*Орынд. Жукенова А.С.*
*тел.8 (727) 331 66 99*
*ішкі 7736*

2022 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
ішкі талдау нәтижелері бойынша
№2 Сараптамалық анықтамаға
1-қосымша

**Талданған ішкі құжаттар тізбесі**

1) Басқарманың шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуларды ұйымдастыру және өткізу қағидасы, 31.03.2021 жылғы № 20 хаттама;

2) Басқарманың 28.04.2017 жылғы №19 хаттамасымен бекітілген Сатып алулар департаменті туралы ереже;

3) Сатып алулар департаментінің қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;

4) Басқарманың 20.08.2021 жылғы № 58 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық технологияларындағы ақпараттық технологияларындағы инциденттер мен проблемаларды басқару қағидасы;

5) Басқарманың 26.06.2017 жылғы № 28 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметін автоматтандыру қағидасы;

6) Басқарманың 12.06.2017 жылғы № 26 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін басқару және жүйелік ілеспе қызмет көрсету қағидасы;

7) Басқарманың 29.12.2022 жылғы № 99 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ есептегіш техника, телекоммуникациялық жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын түгендеу және құжаттандыру қағидасы;

8) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да Интернет пен электрондық поштаны пайдалану қағидасы;

9) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да мобильді құрылғылар мен ақпаратты тасымалдағыштарды пайдалану қағидасы;

10) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ антивирустық бақылауды ұйымдастыру қағидасы;

11) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ аутентификациялау рәсімдерін ұйымдастыру қағидасы;

12) Басқарманың 21.12.2018 жылғы №95 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық жүйелерінің жұмыс істеуіне кешенді мониторингті, талдауды және тиімділігін бағалауды жүзеге асыру қағидалары;

13) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпаратты өңдеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша қағида;

14) Басқарманың 06.03.2023 жылғы № 15 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да қызмет көрсетуге сұраныстарды басқару бойынша қағида;

15) Басқарманың 20.07.2020 жылғы № 55 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да желілік инфрақұрылымды басқару бойынша қағида;

16) Басқарманың 29.01.2018 жылғы № 9 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да қалааралық, халықаралық және ұялы телефон байланысын пайдалану қағидасы;

17) Басқарманың 21.09.2022 жылғы № 65 хаттамасымен бекітілген өнеркәсіптік пайдалануға беру үшін «БЖЗҚ» АҚ-да ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіне талдау жүргізу және оларды енгізуден тиімділікті бағалау қағидалары;

18) Басқарманың 16.02.2022 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да АТ қызметтерін басқару жүйелеріне ішкі аудитті жүргізу қағидасы;

19) Басқарманың 26.04.2023 жылғы №30 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық жүйелерінің қызметінің өзгерісін бақылау қағидасы;

20) Басқарманың 16.02.2023 жылғы №11 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да ақпараттық технологиялар бойынша көрсетілетін қызметтердің үздіксіздігін, қолжетімділігін және қуатын басқару қағидасы;

21) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ серверлері мен жұмыс станцияларындағы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату, жаңарту және жою қағидасы;

22) Басқарманың 27.12.2019 жылғы № 85 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да АТ қызметтерді басқару жүйесі шеңберіндегі саясат;

23) Басқарушы директордың 28.05.2021 жылғы № 436 бұйрығымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық технологиялар департаменті қызметінің сүйемелдеуші үдерістері бойынша блок-схема»;

24) Басқарманың 31.12.2021 жылғы №96 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Ақпараттық технологиялар департаменті туралы ереже;

25) «БЖЗҚ» АҚ Ақпараттық технологиялар департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;

26) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 09.04.2014 жылғы № 23 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ мүлкін сату кезінде аукциондарды ұйымдастыру және өткізу қағидасы;

27) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 23.05.2022 жылғы № 34 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-ға меншік құқығымен тиесілі жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі нұсқаулық;

28) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 13.12.2022 жылғы №92 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының қызметтік автокөлігін пайдалану қағидасы;

29) «БЖЗҚ» АҚ Қызметті қамтамасыз ету департаменті туралы ереже;

30) «БЖЗҚ» АҚ Қызметті қамтамасыз ету департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;

31) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 08.11.2021 жылғы №81 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шоттарын ашу және жабу тәртібі туралы нұсқаулық;

32) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.05.2021 жылғы №36 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидасы (ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін);

33) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 31.12.2021 жылғы № 96 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да салымшының (алушының) деректемелеріне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу тәртібі туралы нұсқаулық;

34) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 01.02.2021 жылғы № 6 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да салымшылар (алушылар) ұсынған мәліметтер мен құжаттарды тексеру әдістемесі;

35) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 10.03.2021 жылғы № 15 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дан зейнетақы төлемдерін ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық;

36) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.12.2018 жылғы № 98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дан салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын аударуды ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық (15.04.2022 жылдан бастап күшін жойды);

37) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 07.04.2022 жылғы № 24 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-дан салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын аударуды ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық (15.04.2022 жылдан бастап қолданысқа енді);

38) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 19.02.2021 жылғы № 10 хаттамасымен бекітілген сенімгерлік басқаруға міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын аударуды ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық;

39) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 19.02.2016 жылғы № 2 хаттамасымен бекітілген БЖЗҚ веб сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті беру» электрондық қызметінің стандарты (01.07.2022 жылдан бастап күшін жойды);

40) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 23.06.2022 жылғы № 41 хаттамасымен бекітілген БЖЗҚ веб сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті беру» электрондық қызметінің стандарты (01.07.2022 жылдан бастап қолданысқа енді);

41) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 жылғы № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб сайты арқылы салымшының (алушының) деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу» электрондық қызметінің стандарты (01.07.2022 жылдан бастап күшін жойды);

42) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 23.06.2022 жылғы № 41 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб сайты арқылы салымшының (алушының) деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу» электрондық қызметінің стандарты (01.07.2022 жылдан бастап қолданысқа енді);

43) «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 28.09.2021 жылғы № 67 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәртібі туралы нұсқаулық;

44) «БЖЗҚ» АҚ Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті туралы ереже;

45) Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;

46) Басқарманың 20.10.222 жылғы № 73 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттық-түсіндіру және имиджді өнімдерін әзірлеу бойынша қағида;

47) Басқарманың 21.09.2022 жылғы № 65 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы мәліметтерді дайындау, келісу және бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау қағидасы;

48) Басқарманың 12.09.2022 жылғы № 65 хаттамасымен бекітілген әлеуметтік желілерде «БЖЗҚ» АҚ қызметін жүзеге асыру қағидасы;

49) Басқарманың 26.08.2019 жылғы № 51 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ корпоративтік сайтымен жұмыс регламенті;

50) Басқарма төрағасының орынбасары С.А.Егеубаеваның 31.03.2021 жылғы № 308 бұйрығына қосымша «БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы мәліметтерді дайындау, келісу және бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялау қағидаларына блок-схемалар («Қоғаммен байланыс. БАҚ-та БЖЗҚ қызметін ақпараттық баяндау»);

51) Басқарманың 28.12.2018 жылғы № 98 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті туралы ереже;

52) Жұртшылықпен байланыс департаменті қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;

53) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі № 1 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Атырау облыстық филиалы туралы ереже;

54) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі № 1 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы туралы ереже;

55) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі № 1 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жамбыл облыстық филиалы туралы ереже;

56) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі № 1 хаттамасымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы туралы ереже.

2022 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
№2 Сараптамалық анықтамаға
2-қосымша

**2022 жылғы «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша тәуекелдер картасы (№2 Сараптамалық анықтама)**

| № р/р | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар | ІНҚ / бизнес-үдеріс атауы | Аяқтау нысаны | Тәуекелді бағалау | Тәуекел индикаторы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | ішкі нормативтік құжаттардан қызмет үдерісінде тиісті басшылардың өкілеттігін ықтимал түрде екітүрлі түсінуге әкелуі мүмкін дискрециялық нормаларды алып тастау | 1) Басқармасының 26.06.2017 жылғы №28 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ қызметін автоматтандыру қағидасы;<br>2) Басқарманың 16.02.2022 жылғы №29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да АТ қызметтерін басқару жүйесіне ішкі аудит жүргізу қағидасы;<br>3) Басқарманың 18.01.2018 жылғы №4 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Техникалық кеңесі туралы ереже;<br>4) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да мобильді құрылғылар мен ақпаратты тасымалдағыштарды пайдалану қағидасы;<br>5) Басқарманың 20.07.2020 жылғы № 55 хаттамамен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-да желілік инфрақұрылымды басқару бойынша қағида;<br>6) Басқарманың 04.05.2021 жылғы № 29 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ ақпараттарын өңдеу құралдарымен | Қызметтік жазба | Сирек, елеусіз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша қағида;<br>7) Басқарманың 23.05.2022 жылғы № 34 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ-ға меншік құқығымен тиесілі жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі нұсқаулық;<br>8) Басқарманың 09.04.2014 жылғы №23 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ мүлікті сату кезінде аукциондарды ұйымдастыру және өткізу қағидасы. | | | |
| 2. | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында келесі нормаларды қосу:<br>1) қызметкерлердің функцияларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;<br>2) қызметкер білуі тиіс деген тармақта - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы, Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;<br>3) жауапкершілігі:<br>- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасының және ішкі | Сатып алулар департаменті, Цифрландыру департаменті, Инфрақұрылымды дамыту және қолдау департаменті, Қызметті қамтамасыз ету департаменті, Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті, Жұртшылықпен байланыс департаменті туралы ережелерге, сондай-ақ көрсетілген бөлімшелердің қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары | Қызметтік жазба | Өте сирек, ірі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нормативтік құжаттарының талаптарын бұзғаны үшін;<br>- Қордың конфиденциалды ақпаратын немесе заңмен қорғалатын құпия, өзіне сеніп тапсырылған немесе жұмысы бойынша мәлім болған мәліметтерді жеке мақсатта заңсыз пайдаланғаны үшін;<br>4) директорлар мен бөлімше бастықтарының өкілеттіктерінде - сеніп тапсырылған бөлімше қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру. | | | | |
| 3. | «БЖЗҚ» АҚ уәкілетті қызметкерлерінің тауарларды қабылдау-өткізу актілерінде, көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актілерінде көрсетілген деректерге сәйкес келмейтін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қабылдауының алдын алу мақсатында Бухгалтерлік есепке алу департаментіне Өңірлік даму департаментімен бірлесіп, қосымша бақылау шараларын әзірлей отырып, «БЖЗҚ» АҚ Орталық аппараты мен филиалдары үшін уәкілетті тұлғалардың қабылданатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қол қойылатын, оларды қабылдау актілерге сәйкестілігін қамтамасыз етуге қатысты оқыту жүргізу ұсынылады | «БЖЗҚ» АҚ қызметкерлерінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қабылдауы | Оқыту | Кейде, елеусіз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4. | Сатып алу шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің алдын алу мақсатында Инфрақұрылымды дамыту және қолдау департаментіне және Қызметті қамтамасыз ету департаментіне Қор филиалдарына тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірдей топтары бойынша техникалық ерекшеліктерді толтыру бойынша ұсынымдар беру | Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру | Қызметтік жазба | Арасында, ірі | |

### Тәуекелдер ықтималдылығын бағалау өлшемшарттары

| Балл | Мәні | Іске асыру жиілігі | Іске асыру ықтималдылығы |
|---|---|---|---|
| 1 | Өте сирек | Соңғы 5 жылда талдау объектісінің қызметінде тіркелген жекелеген оқиғалар. | Оқиға өте сирек жағдайларда немесе 1%-ға дейінгі іске асыру ықтималдылығымен жүзеге асырылуы мүмкін. |
| 2 | Сирек | Соңғы 2 жыл ішінде талдау объектісінің қызметінде аса белгілі емес немесе тіркелген оқиғалар | Оқиға сирек жағдайларда немесе 1%-дан 10%-ға дейінгі іске асыру ықтималдылығымен жүзеге асырылуы мүмкін. |
| 3 | Кейде | Оқиға талдау объектісінің қызметінде соңғы жыл ішінде тіркелді. | Тәуекелді іске асыру ықтималдылығы 11%-дан 25%-ға дейін. |
| 4 | Жиі | Оқиға талдау объектісінің қызметінде соңғы жарты жыл ішінде тіркелді. | Тәуекелді іске асыру ықтималдылығы 26%-дан 50%-ға дейін. |
| 5 | Өте жиі | Оқиға соңғы жарты жыл ішінде бірнеше рет тіркелді. | Оқиғаны іске асыру ықтималдылығы 50%-дан 100%-ға дейін өте жоғары. |

### Тәуекелдер ықтималдылығын бағалау өлшемшарттары

| Балл | Мәні | Іске асыру жиілігі | Іске асыру ықтималдылығы |
|---|---|---|---|
| 1 | Өте сирек | Соңғы 5 жылда талдау объектісінің қызметінде тіркелген жекелеген оқиғалар. | Оқиға өте сирек жағдайларда немесе 1%-ға дейінгі іске асыру ықтималдылығымен жүзеге асырылуы мүмкін. |
| 2 | Сирек | Соңғы 2 жыл ішінде талдау объектісінің қызметінде аса белгілі емес немесе тіркелген оқиғалар | Оқиға сирек жағдайларда немесе 1%-дан 10%-ға дейінгі іске асыру ықтималдылығымен жүзеге асырылуы мүмкін. |
| 3 | Кейде | Оқиға талдау объектісінің қызметінде соңғы жыл ішінде тіркелді. | Тәуекелді іске асыру ықтималдылығы 11%-дан 25%-ға дейін. |
| 4 | Жиі | Оқиға талдау объектісінің қызметінде соңғы жарты жыл ішінде тіркелді. | Тәуекелді іске асыру ықтималдылығы 26%-дан 50%-ға дейін. |
| 5 | Өте жиі | Оқиға соңғы жарты жыл ішінде бірнеше рет тіркелді. | Оқиғаны іске асыру ықтималдылығы 50%-дан 100%-ға дейін өте жоғары. |

### Тәуекелдердің әсерін бағалау өлшемшарттары

| Балл | Әсер ету деңгейі | Салдардың жалпы сипаттамасы | Комплаенс/Талаптарды сақтау |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Елеусіз | Тәуекел іске асырылған жағдайда қандай да бір теріс салдардың болмауы | Реттеу талаптарын елеусіз бұзу. Сараптау объектісінің қызметкерлерін әкімшілік және/немесе өзге де жауапкершілікке тарту үшін негіздердің болмауы. Сараптау объектісіне қатысты айыппұлдардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыбының және басқа да қаржылық бұзушылықтардың болмауы.<br>Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзушылықтардың болмауы. |
| 2 | Елеулі | Тәуекелді іске асырудың салдары шамалы | Реттеуші талаптардың шамалы бұзылуы. Талдау объектісінің қызметкерлерінен айыппұлдарды өндіріп алу мүмкіндігі туралы ескертулер, айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы ескерту алу және талдау объектісіне қатысты басқа да қаржылық бұзушылықтарды анықтау. |
| 3 | Ірі | Тәуекелді іске асырудың салдары маңызды, бірақ оларды толығымен түзетуге болады | Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және басқа да қаржылық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін реттеуші талаптарды бірнеше рет бұзу. Сараптау объектілерінің қызметкерлерінен айыппұлдарды өндіріп алу.<br>Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу. |
| 4 | Сындарлы | Тәуекелді жүзеге асырудың салдары өте маңызды, бірақ белгілі бір деңгейге дейін түзетуге болады | Реттеу талаптарын елеулі бұзу, соның салдарынан талдау объектісі айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбын және т.б. төлеуге міндетті. Сараптау объектісінің қызметкерлерін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту.<br>Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу. |
| 5 | Катастрофалық | Тәуекелді жүзеге асырудың салдары өте маңызды және оларды түзету мүмкін емес. Тәуекелдің өтелмейтін салдары бар. | Реттеуші талаптардың шектен тыс бұзылуы немесе ірі айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және басқа да төлемдер, сондай-ақ берілген лицензияларды кері қайтарып алуға әкеп соққан бірнеше қаржылық бұзушылықтар (болған жағдайда). Қызметкерлерді бірнеше рет әкімшілік/қылмыстық және / немесе өзге де жауапкершілікке тарту.<br>Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу. |

Тәуекелдер картасы талдау объектісінің анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейімділігінің графикалық бейнесін көрсетеді.

Тәуекелдер картасы әр түрлі түстермен ерекшеленетін бірнеше бөлікке бөлінеді:

Қызыл аймақ - бұл талдау объектісі үшін сындарлы және/немесе катастрофалық болып табылатын тәуекелдер, олардың пайда болу ықтималдылығы жоғары болғандығына не талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсер етуі мүмкін салдардың аса елеулі әлеуетіне байланысты не екі фактордың себебі бойынша;

Қызғылт сары аймақ - талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне жоғары пайда болу ықтималдылығы немесе ірі әлеуетті әсері бар тәуекелдер;

Сары аймақ - талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне орташа пайда ықтималдылығы немесе орташа әлеуетті әсері бар тәуекелдер;

Жасыл аймақ - төмен пайда болу ықтималдылығы бар және (немесе) талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне елеулі әсер етпейтін тәуекелдер.




Сараптама объектісінің тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ негізгі болып табылатын және басымдықты тәртіпте және қажет болған жағдайда шаралар қабылдауды талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге, адами және қаржылық ресурстарды бөлуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.